

**Мамыт негізгі орта білім беретін мектебі бойынша
«Оқуға құштар мектеп» жобасы негізінде
«20 минут, 5 минут дауыстап оқуға уақыт бөлу» туралы
анықтама**

Қаңтар айында мектеп бітіруші 9-сынып оқушылары өздері қызыққа кітаптарды 20 минут, 5 минут дауыстап оқуға уақыт бөлді. Шет ел жазушыларының шығармаларын, аудармаларына зер сала оқып, қызық оқиғаларға құрылған кітаптарды белсене оқып, ішінара туындылар туралы өз ойларымен бөлісіп, бірге талқылады.

Мектеп кітапханашысы:

Қ.Ә.Сламова



Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде «Білім - өмір шырағы» атты интеллектуалды сайыс туралы анықтама

Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша «Білім өмір шырағы» атты интеллектуалдық сайыс өтті. Шешендік сөздер, қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, тұрақты сөз тіркестері арқылы жеткіншектердің адамгершілік сезімін, мәдени деңгейі мен эстетикалық талғамын қалыптастыру мақсатын арқау еткен сайыс барысы 5 айналымнан тұрды. Қатысушыларды сергіту мақсатында 8-сынып оқушысы Оразалы Жолдастың жігерлі, рухты өлеңі шырқалды. 1-айналымда 2 минут ішінде өздері білетін мақал-мәтелді айтып бақ сынаса, 2-айналымда үзінді берілген мақалдың жалғасын табу арқылы жарысты. 3-айналым барысы ұяшықтарды таңдау арқылы алынған қанатты сөздерге толық мағұлмат беру шартынан тұрды. 4-айналымда әр қатысушыға жеке дайындалған 3 тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын ашып көрсету болса, 5-айналым шешендікті негіз ететін, ұлттымыз қасиетті деп санайтын 7 санына сәйкес сұрақтарға ұтымды жауапты қамтыды. Қазылар саралай келе 7-сынып оқушысы Темірбекұлы Темірлан озық шығып, марапатталды.

Кітапханашы:

Қ.Ә.Сламова



**Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде
Дина Нұрпейісованың 160 жылдығына орай өткізілген
дөңгелек үстел туралы
анықтама**

Батыс өңірінің халық композиторы Дина Нұрпейісова туралы толық мәлімет алу, өлеңдер оқу, күүді тыңдату арқылы балалардың эстетикалық талғамын ояту, шығу тарихын әңгімелеуді мақсат еткен дөңгелек үстелдің басында 5-9 сынып оқушылары мақал-мәтелдерді құрастыру арқылы 2 топқа бөлінді. «Миға шабуыл» әдісі арқылы сұрақтарға жауап беріліп, назарлары Дина Нұрпейісова туралы бейнебаянға зер салып, мән бере тыңдады. 2 топқа тақылауға мәтін беріліп, ол туралы қосымша ақпараттар жинақтап ой бөлісті. Келесі тапсырмада Дина Нұрпейісованың күйлерін тыңдау арқылы еліктеу сөздердің түрлерін пайдалана отырып, күй өнері жайлы шағын эссе жазу арқылы сөз таптарының кейбір түрлерін еске түсірді. «Бір-бірінің жақсы қылықтарын айтып, мадақтау» ойыны арқылы білім алушылар серігіп, «Құпия конверт» ойынына білек сыбана атсалысты. Дидактикалық материалда келтірілген «Күй анасы – Дина» тақырыбындағы мәтінді оқи отырып, төл сөз, автор сөзі мен бірыңғай сөздерге байланысты тиісті тыныс белгілерін қою тапсырылды. «Түсіндіріп көр» атты ойын арқылы тақырыпты бекітіп, жаңа ақпаратты «Табыс ағашы» арқылы бекітті. Дөңгелек үстелге қатысқан әр оқушыға көңіл-күйге байланысты смайликтер үлестірілді.

Кітапханашы:

Қ.Ә.Сламова



**Мамыт негізгі орта білім беретін мектебі бойынша
«Оқуға құштар мектеп» жобасының жоспары негізінде
«Іштен оқуға, мағыналық оқуға, мәтінмен жұмыс істеуге уақыт бөлу»
туралы анықтама**

Қаңтар айында қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі Сартаев Жаңалық 8,9-сынып оқушыларының пәндерді меңгеруі барысында іштен оқуға, мағыналық оқуға, мәтінмен жұмыс істеуге уақыт бөлді. 8-9 сыныптарда өтіп жатқан тақырыптарға сәйкес тыңдалым, айтылым, оқылым, әдебиеттік нормаларға баса назар аударылып, оқушылардың еркімен сабақтан тыс уақытта да өз жалғасын тапты.

Қазақ тілі бойынша ережелер сұралып, грамматикалық тапсырмалар қосымша беріліп отырды. Оқыған көркем шығармаларын бірлесе талдап, мәтінмен жұмыс істеуге баса назар аударды.

Мектеп кітапханашысы:

Қ.Ә.Сламова



**Мамыт негізгі орта білім беретін мектебі бойынша
«Аяқталмаған сөйлем» әдісі туралы
Анықтама**

Қаңтар айында оқушылар арасында оқушының әлеуметтік мәдениетінің кейбір қырларын ашуға, Ол баланың тұлға ретінде дамуы мен қалыптасуы әсер ететін басты сенімін анықтау үшін «Аяқталмаған сөйлем» әдісі арқылы жұмыстар жүргізілді. Бұл әдіс оқушылардың осы өзекті мәселелер бойынша көзқарасын анықтауға көмектесті.



Мамыт негізгі орта білім беретін мектебі бойынша «Оқуға құштар мектеп» жобасының жоспары негізінде «Барлық пәндер арқылы оқу» сабақ жүйесі туралы анықтама

29 қаңтар күні сабақ кестесіндегі барлық пәндер бойынша пән мұғалімдері сабақ жоспарларындағы тақырыптарын ғұлама адамдардың қанатты сөздерімен байланыстырды. Соның ішінде 7 сыныпта физика пәнінің мұғалімі Шаймолдина Гүлжайнар «Паскаль заңы» тақырыбында

«Оқу, білім – жанған шырақ, ойласаң,
Үйренерсің, іздеп көрсең, қоймасаң.
Қу өнерді, бу белінді, жігер сал
Пайда аларсың, қаужанарсың, тоймасаң
Ғибратты сөздерімен байланыстырып бастады.




7 сыныпта көркем еңбек пәнінің мұғалімі Сарсенбаева Ляззат «Ағашты механикалық өңдеу барысындағы жұмысты ұйымдастыру» тақырыбына Абай Құнанбайұлының

«Артық ғылым кітапта,
Ерінбей оқып көруге» нақыл сөздерін тиімді пайдаланып, жүйелі жүргізді.



9 сыныпта құқық негіздері пәнінің Муса Әлібек жоспарға сәйкес «Еңбек даулары қалай шешіледі?» тақырыбын Жүсіп Баласағұнның «Балам бол, басқа бол, заң - біреу» ғибратты сөздерімен Т.Фуллердің

«Заң адамды бағындырады,
Заңды ақыл бағындырады» пікірлерімен біріктіре орынды пайдаланды.



Мектеп кітапханашысы:

Қ.Ә.Сламова